

үнемі кемшілік болып қала бермеу керек, оны толықтай қабылдауға қажетті шарттар керектігін ұғындыру.

Қорыта айтсақ, барлық айтылғандарды саралай келе футуризмнің мынандай негізгі белгілерін ұсынамыз:

- бунт, өктемдік, дүниені «қоқыс толған жәшік» деп санау, тобырдың әр түрлі сезімін көрсету;
- дәстүрлі мәдениеттен бас тарту, болашаққа бастайтын «жаңа» өнер жасауға талпыну;
- дәстүрлі өлең жүйесін бұзу, буын өлшеміне, ырғаққа эксперимент жасау, өлеңнің «оқылуына» көңіл бөлу (интонацияға құрылған өлең тудыру);
- индустриальды қалалардың, техниканың мәдениетін дәріптеу;
- жаңа сөз жасау жолындағы ізденістер, «заумный» (өте күрделі мағыналы) тіл жасау мақсатындағы эксперимент;
- соғысты, хаосты, төңкерісті дәріптеу;
- жалпы қоғам қабылдаған ережелер мен нормаларға қарсы тұру, халықты соған үгіттеу;

Қорыта келгенде, әдебиеттік өзгерістер ештеңе білдірмейді және олар келеді де кетеді, ал поэзия мәңгілік екенін айта беру еш қиындық тудырмайды. Сөзсіз Хлебников, Маяковский, Пастернактың поэтикалық жетістіктері монументалды және футуризмге жатқызуды қажет етпейді. Бірақ біз «изм» жұрнағымен аяқталатын басқа да әдеби түрлерді ұмытпауымыз керек. Осы әдеби топтар, әдеби мектептер, ағымдар мен бағыттар зерттеуші ғалымды түнертіп жіберетіндей күйге келтіреді. Бірақта, олар қалыптасқан және олардың жаны бар, олар туады және өледі, ал өлгеннен кейін өзі туралы мол қазына, көп мәлімет қалдырып кетеді.

Дегенмен, ХХ ғасырдың басында қазақ әдебиетіне әсер еткен батыстық әртүрлі модернистік ағымдар, оның ішінде символизм, футуризм ағымдары өзіндік із қалдырды. Ұлттық әдебиетімізді әрқашанда батыспен жалғастырған орыс әдебиеті ол кезеңде әдеби ағымдар топанының астында қалған еді. Бұл уақытта орыс поэзиясы өзінің күміс ғасырын басынан кешірді.

Орыс классикалық әдебиеті дәуірінен жаңа әдеби дәуірге өту кезеңі жалпы мәдениеттің және әдебиеттің өзінің ішінде эстетикалық өлшемдерді ауыстыруға ұмтылған, әдеби – көркем тәсілдерді түбегейлі жаңартуға бағытталған құбылыстардың орын алуына байланысты тартысты, шиленісті өткені мәлім. Осы кезеңде орыс поэзиясы барынша қарқынды түрде өзгеріп, жаңарды. Пушкин дәуірінен кейінгі көркем мәдениет өріне келген бұл кезең кейіннен «поэтикалық қайта өрлеу» немесе «күміс ғасыр» деген атқа ие болады.

Орыс поэзиясының күміс ғасыры бірін-бірі мойындамайтын бес әдеби ағымнан тұрады. Олар: символизм, футуризм, акмеизм, имажинизм және обериуттер поэзиясы.

Осы бес ағым екі дәуірдің, яғни ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың бас кезеңінде дағдарысқа ұшыраған, ойы мен сезімінен жан кете бастаған орыс поэзиясын қайта тірілтіп алды. Жалпы, екі дәуірдің арасында әдебиетке кірген қай буын өзін керексіз, саф алтындай бағаланатын классика кезеңінен кейін туған жетімек ұрпақ сезінетіні белгілі. Қазақ әдебиетіне де мұндай үрдіс таңсық емес. Алысқа бармай-ақ қоялық, ХХ ғасырдың 90-шы жылдарында әдебиет көшіне араласқан жас буын ақын-жазушылар әлі күнге дейін есін жинай алмай келеді. Біздіңше, оның себебі мынада. Екі ғасырдың ортасында керілген «Алтын көпір» өкілдері.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Смағұлов Ж. Ұлттық әдебиеттану әлемі. Монография. – Қарағанды: «Болашақ – Баспа», 2005. – 317 б.
2. Марков В.Ф. История русского футуризма./Перев. с англ.: В.Кучерявкин, Б.Останин. – СПб.: Алетейя, 2000. – 438 с.
3. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер; Монография. – Қарағанды: ЖШС «Гласир», 2009. – 400 б.
4. Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стил (начало ХХ века и современность). – Алматы: Ғылым, 1998. – 394 с.

Смағұлов Ж.Қ., ф.ғ.д., профессор,
Жанузаков Н.Б., оқытушы,
Смакова Т.С., магистрант
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ

Махаббат – мәңгілік тақырып және ол өмірмен егіз. Ұлы Абай да тіршілік тауқыметінен бір мезгіл бас көтеріп:

Қайда екен, қайда сол жылдар,

Махаббат, қызық мол жылдар? - деп жастық шақтың алау туындай албырт махаббатты жоқтау айтқан жоқ па? Жаратылысында сезімтал Ғалымның да махаббат, сүйіспеншілік тақырыбына жазылған өлеңдері аса тартымды. Ақынның ғашықтық сезімі лапылдап жанған от сияқты, қызуы шарпып, өн бойыңды алаулатып тұрады. Кәдімгі алаңсыз бала кезді, жастық шақты аңсау, алғашқы дір етпе сезімді сағыну, әлдеқашан қоштасып қол бұлғаған өткінші ыстық сәттерді еске алу Ғалым өлеңдеріндегі жарасымды сәттер. Өлең құрылысы да әр қилы: біреулерінде ой жеңіл айтылып, нысанаға дөп тиіп жатса, екінші бір өлеңдерде ақын ұзағырақ сөйлеп кеп, қысқа қайырып отырады.

Ғ.Жайлыбай шығармашылық жолында лириканың барлық түріне дерлік қалам тербеген. Ақынның тек махаббат лирикасының өзі ғана алуан тақырыпты қамтиды.

Махаббат кемпіркосақтай көк жүзінде бір ілініп жоғалуға құштар екен, жұмбақ қыз көркемдігімен баурап, сол күйі жағада қадала береді.

Толқындарына тағдырдың

Ескексіз қайық салғандар.

Бұлар үмітсіз, тек жалт еткен арайлы бір әлемі сезімге тәуба қылып, мұңаюға риза болмақ керек. Лирикалық «меннің» ең шыншыл дара болмысын ақын біткен есі кете жырлайды. Олар өзін - өзі үкім оқығандай қылып, құпия сырын жариялап қояды. Көмескі дүниені жарқыратып жіберген сәтте, ең күшті күпіршілік те, кінәлі жүрегі де бұлттан шыққан күндей тазарып, нұрлана лүпіл қағары неліктен? Абай «Өлең шіркін өсекші жұртқа жаяр, Сырымды тоқтатайын айта бермей» десе де, ақындықтың асау жаратылысына бағынарын білген. Адуын болса да хас жүйрік жырдың буырқанған екпініне бағынбау мүмкін болмай қалады. Мәжнүн жүрек ештеңеге бағынбайды, бір Құдайдың әміріне пейілді. Сондай бір мәнді драма, сюжетті өлең - «Терең сай». Бұл өлең жастық жыры, өте нәзік хәм күрделі лирика. Қаһарманы ақынның өзі. Ол моноспектакльде ойнаушы актёр тәрізді оқиғаның тал бойын түгел қамтиды, бас режиссёр де, актёр де, көрермен де, сот та, құрбан да, жендет те бір өзі. Сол терең сайдағы жастық сезімге мас болған екеудің бірі - драманың бас кейіпкері болған қыз бейнесі жұмбақ күйімен беймәлім қалады. Соның үшін, мүмкін, мұның атауы ұдайы әлем - сахнада ойнала беруге жазылған «Өмір» атты драма, Адам ата мен Хауа анадан бері. Ақын өзін сал - сері сезінбесе кім болмақ, бұл серілік ақындық бөркіне бек жарасады. Соны арқаланып, ақын тамаша кульминациялық жыр тудырған.

...Сол Теренсайды көруге бір күн

құмар боп,

Мен келген едім,

Көз алдым кетті мұнар боп.

...О, керемет- ай,

ішіңніңсуғатолыпты

Қатты қорықтым, көз жасың сенің шығар деп [1, 224]

Ғалым Жайлыбай француздың үлкен ақыны, шығармашылығы сюрреализммен аяқталатын Гийом Аполлинер (1880 - 1918) өлеңдерін қазақ тіліне аударды. Аполлинер «Ақында да айып көп» десе де, атақты «Мирабо көпірі» атты өлеңінде дәстүрлі фольклорлық - эпостық өмір - өзен сарынын көсіле жырлайды.

Ақмахаббаттырнапкеттіжараны,

Өткен өтті десек те

Өзегіне өрт түскендер жүр азып.

Өзендер мен жылдар бірге ағады,

Өміріңді шешуі жоқ есеп де,

Үмітінді үрле тағы құлазып...

Қара түннің ұрлап іштім тұнығын,
Бір күн өтті, жалғасады ғұмырым. [1, 31-б.]

Сезім жүрген жерде аңсар, сағыныш жүрері табиғи құбылыс. Ғалым ақынның сағыныш не?

«Ей, жүрегім,
жиілеу сызданасың,
Мүз кешемін айдыным мұздағасын.
Қанаттының бәрін де сүйдім сосын...
Сол ауылыдың нәзіктеу қыз баласын.
Шашыраған шалғынға күлкі есімде,
белден басып қайтуға үркесің бе?..
Бір құмары қалған-ды бала ақынның
Жылқылары жусаған қыр төсінде» [2, 12]

Маххабат – кең ұғым. Бірақ әсіре шоқтығы биік сезімбер болады. Соның бірегейі – Ананың балаға, Баланың анаға деген махаббаты. Ғалым ақынды бұлтұста мүлде басқа қырынан көреміз. Және тәнті боламыз. Шіркін, барлық бала анасын осылай сүйсе деп армандап қаласыз.

«Шаңыраққа шырай боп,
Ісіме – құт.
Көңілінің көгілдір құсына еріп,
Анам келді ауылдан бір көруге,
Жиі-жиі жүрген соң түсіне еніп» [3, 43].

Ғалым ақын аудармасындағы Аполлинер қазақы санаға тұманды емес, француздың дүние жалғандықтан жерінбеуі тіпті жат емес [1, 215]. Осы әлемде Ғалым Жайлыбай талант - пырағымен тоқтаусыз желіп келеді. Қалай? «Сеземін нұр - шырай барын, бағыма балаған ғұмыр! Тыпыршып тыншымай жаным, Аңсайды аламан - дүбір, - [1, 216] деген шумақтар тұлпар тынысты ақынның аршынды қадам жазбай тынбайтындығын білдіреді.

Ақынның төмендегі өлең жолдарынан махаббаттың тамылжыған сәттерін Кеңгірдің керім кештерімен ұштастыра жырға қосуы:

Қарағым,
Сені көрдім мен,
Сергелдең сыйлап сезімге.
Толқыған толқын Кеңгірден
Жағаны сүйген кезінде, - дей келе алғашқы махаббатың яки ғашығын тосыннан ұшырастырған
жанның бойындағы сезімін жырмен төмендегідей өреді:

Жүрегім сонда солқылдап
Жылаған едім,
Тыңдап ем...
Толқындай шашың толқындап
Толқынға қарап тұрған ең, - дей келе
Әлдилеп әсер бүгінгі,
Көктеммен бірге көктеп ем.
Жырлауға әсемдігінді
Ақынның тілі жетпеген
Еліктер қалмас еленбей,
Айдын аманда қаз қонар
Мен жазған ғажап өлеңдей

Жанарыңдағы жазбалар –деп ақын ару бойындағы тазалықты, сезімнің кіршіксіздігін және де адам жанының айнасы – ару қыздың көзжанарын бәрін – бірін өзінің ғажайып жырына балайды.

Шомылып самал нұрға,
Сезім біткенді бүр жарғыз!
Кеңгірдің жағалауында

Толқындай толқып тұрған қыз –деп жан баласының сезімсіз ғұмыры мәнсіздікке малынып, мағынасыз күн кешетінін айта келе көктемдегідей адамның да сезімінің бүрленетінін айтады.

Сонымен қатар, Кеңгірдің әсем толқындарын қалқа қызбен сабақтастыра суреттейді.

«Жыр жауған жылы күндерім –
Нұр жауған ғұмырымда едің...
Тұлпардың тұнығында едің,
Бұлақтың тұнығында едің...
Сыр айтай сырғалым қалды,
Мұнартты...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жайлыбай Ғ. Тағдырымның тамыры: мақалалар мен сұхбаттар. – Астана: Фолиант, 2008. – 248 бет.
2. Жайлыбай Ғ. Тобылғыжарған: Өлең, толғау және поэмалар. -Астана: Фолиант, 2011.-280 бет.
3. Жайлыбай Ғ. Ардакүрең. Өлеңдер. – Алматы: «Қайнар» баспасы, 2008. – 288 бет.

ТҮРКІ ӘЛЕМІ «МӘНГІЛІК ЕЛ» ИДЕЯСЫНДА

*Смағұлов Ж.Қ., ф.ғ.д., профессор,
Смағұл З.С., «SilkWay» мектеп-лицейі мұғалімі,
Атырау қаласы*

Ежелден әр ұлттың, әр халықтың арман етіп аңсайтыны, қол жеткізсем екен деп ұмтылатыны - тарих сахнасынан ойып тұрып орын алу, мәңгілік елге айналу. Өткеніміздің ел жадында жаңғырып, бүгінгіміздің кемелденіп, болашағымыздың мен мұндалап қол бұлғаптұрғаны біздің, яғни қазақ елінің ең ұлы мақсаты десек артық айтқандық емес. Себебі, бүгінгі Қазақстан кешегі Күлтегін, Тоныкөк заманынан бері сан мыңдаған тарихты бастан кешірді, шапты да, шабылды да, мерейі өсіп марқайды да, еңсесі түсіп езілді де. Ащы да болса, бұл - тарих. Сол тарихымызға үңіле қарайтын болсақ қанша ғасыр өтті. Алайда, елдігіміз – ерлігіміздің арқасында сақталып қалды. Бүгінде сол елдігімізді одан әрі нығайта түсу үшін елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы саясаты бізді алға жетелеп келеді.

Бұл – тұңғыш мемлекеттік ресми идеологиямызды жариялау мақсатында дүниеге келген «ел тарихындағы біз аяқ басатын жаңа дәуірдегі» Мәңгілік Ел саясаты. Бұл - нар тұлғалы батырларымыздың етікпенен су кеше жүріп сол кезеңдердегі ел мұратына айналған тағдырлы да тамырлы тәуелсіздігіміздің баянды болуынан туған тарихи мақсатымыз, қаһарманды құранымыз. Яғни, мемлекетіміздің ғасырлар тоғысында ірі державалар арасындағы бәсекеге төтеп беріп, өзіндік қорғаныс саясатын ұстана отырып, барша түркі халықтары ғұмырының мәңгілігін көрсету. Түрік шежіресінде «мәңгі» сөзінің өзі «Тәңір», «Құдай», «Алла» деген сөздермен мағыналас қолданылады. Осыған қарап, «Мәңгілік Ел» «Алла Тағаланың елі, халқы» дегенді білдіретінін және мемлекет пен ұлттың уақытпен шектелмеген тұмары екендігін көреміз. Сол үшін де бүгінгі күні барша түркі халықтары бірігіп «Тұтас түркі елі» идеясынан «біртұтас Түркістан» идеясына дейінгі бабаларымыздың атқарған ерен еңбектерін зая кетірмеуі керек.

Осы орайда елімізде құрылған бірнеше ұйымдарды атап өткім келеді. Солардың біріншісі – мәдениет саласындағы «ТүркСОЙ», бұл түркі халықтарының мәдени байланысын нығайта түсу үшін қызмет жасаса, екінші – «ТүркПА» халық қалаулыларының арасында заңнамалық, құқықтық негізде құрылған парламентаралық дәнекер құрылым. «Түркі кеңесі» болса бауырлас елдердің ынтымақтастық кеңесі болып жалпы саяси, экономикалық мәселелермен айналысады. Келесісі «Түркі академиясы». Бұл ұйым осы интеграциялардың ішінде ғылыми негізде жұмыс жасайтын бірден-бір ұйым. Түрік академиясы – түркі әлеміндегі ғылыми құрылымдарды үйлестіретін Қазақстанның ғана емес, Түркия, Әзербайжан, Қырғызелдеріне ортақ құрылым. Осы құрылған ұйымдардың арқасында түркі әлеміне ортақ дүниелер болашақта назарға алынып, тарихи және әдеби айналымға енеді деген үміттеміз. Осы орайда әдебиетімізде әлі толық зерттеліп үлгермеген «Түркістан легионы» жайында айта кетсек. Легионның қандай мақсатта, қашан және қай өңірде құрылғаны жөнінде тарихшылар біраз еңбек жазып жатыр. Әсіресе Әбдіуахап Қараның легион жайында жазған еңбектері халықты бей-жай қалдырмады. Алайда легион тарихын білгенмен қатар біз сол легион